## "2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 396 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі!
2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 27-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 11-1, 11-2, 11-3 жолдармен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11-1 | Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істеген кезде қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы мен қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын беру тәртібін жетілдіру | Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істеген кезде қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы мен қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы бөлігінде мемлекеттік кепілдіктерді берудегі жаңа тәсілдерді әзірлеуге бағытталған талдамалық зерттеу | Қазақстан Республикасының Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | "Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" РМҚК | 001 "Еңбек, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 103 "Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету" | 15 966 |
| | | Ауыр жұмыстарда, | | | 001 "Еңбек, халықты жұмыспен қамту, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11-2 | Қазақстан Республикасында зиянды еңбек жағдайларындағы әйелдер еңбегін реттеу тетігін жетілдіру | еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда қамтылған әйелдер еңбегін реттеудегі жаңа тәсілдерді әзірлеуге бағытталған талдамалық зерттеу | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | "Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" РМҚК | әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 103 "Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету" | 11 116 |
| 11-3 | Семей ядролық сынақ полигонының әрекеті салдарынан иондандырушы сәулелену әсеріне ұшыраған халыққа арналған қорғау және оңалту шараларының тиімділігін бағалау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу | Семей ядролық сынақ полигонының әрекеті салдарынан иондандырушы сәулелену әсеріне ұшыраған халыққа арналған қорғау және оңалту шараларының тиімділігін бағалауға бағытталған зерттеу және оларды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | "Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты" РМҚК | 001 "Еңбек, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 103 "Социологиялық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету" | 17 409 |

".

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК